

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

## АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЕЛ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ

*Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ*, Ұлттық құрылтай мүшесі,  
ҚР ҰҒА академигі, «Қазақ газеттері» серіктестігінің  
бас директоры, Астана, Қазақстан

Алаш тұсында фольклор «ел әдебиеті» аталды. Әрбір ақын-жазушы елдік дәстүрі бар сол әдебиетті жанартып, дамытуды парыз санады.

Ел әдебиеті – біздегі фольклордың мазмұнын ашатын ерекше ұғым. Мұнда әдеби мұраға үлес қосқан жеке авторлар (ақындар, жыршылар) атаусыз қалмады. Тіпті ХІХ ғасырдан бастап жарияланған жинақтарда олардың аттары да тұр. ХХ ғасыр басында өлеңмен жазылған романдарда да, әлеуметтік-саяси жырларда да фольклор сарына айқын аңғарылады.

Қоғамдық-саяси істе Әлихан мен Ахмет сапынан табылған, осы екі тұлғаның әлеуметтік-рухани қызметіне тыныс болған азаматтың бірі – Міржақып Дулатұлы. Ұлттық манифестке баланған «Оян, қазақ!» пен тұңғыш қазақ романының авторы жаңа әдебиет ғимаратын тұрғызу шарасының жуан ортасында жүрді. Әдеби білімді өз бетінше алған Міржақып: «Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер – адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. ...Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. ...Дүниенің ісі осылай болған соң, адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді», - деген /1, 31/ көзқарасты ұстанып, елге қызмет жасауға жұмылған жаңа руханияттың деңгейін көтеруге атсалысты.

Міржақыптың ел әдебиеті мен елшілдік туралы пайымдарын сөз еткенде, мына жайды ескеру керек тәрізді: біріншіден, ол – поэзия мен проза тілінде ұлт мүдде-мұратын сомдауға талап қылған туындыгер; екіншіден, ол әдеби шығармашылығында халық даналығын, дәстүрін барынша қамтыған қаламгер. Бұл мәселеде оның позициясы Ахметтікіне ұқсайды. Екеуі де «шабыты тасығаннан» қолына қалам алмағанын жазады. Мысалы, Міржақып «Оян, қазақта!»:

*Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып,  
Халық тентек, жалғыз өзім мақұл болып.  
Қайғы мен хал мүшкілін білдіргенім –  
Ұйқыда жұрт жатқан соң гафыл болып,-*

дейді /2, 75/. Яғни, М.Дулатұлын алаштың ауыр жағдайы ақын еткен. Осы жағдай және өмірді шынайы көрсететін қазақтың «ұлы әңгімесі» жоқтығы оны романшы жасаған. Алайда Міржақып азамат (жауапкершілікті сезінетін) ақын-жазушы болуға тырысқан. Бұл оның - үлкен қайраткерлігі еді. Сондықтан М.Дулатұлы – саясатта да, әдебиетте де қайраткер.

«Оян, қазақтың» «сөз ақырында» (қорытынды) қаламгер Абай, Ахмет, Әбубәкір, Ақмола, Қыпшақбай, Нұржан, Шөже, Орынбай, Мәшһүр Жүсіптердің ел алдындағы еңбегін Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Крылов, Тургенев,

Толстойлардың орыс халқының алдындағы еңбегімен пара-пар дей келе, ақын-жазушының қоғамдағы орнын былайша парықтайды:

*Бұлардың әрбір сөзі пайдаға асқан,  
Өнерін хатқа жазып, халыққа шапқан.  
Мақтап өлең айтпаған нәрсе алуға,  
Ғажайып хикметтің кілтін ашқан /2, 76/.*

Қайраткердің ұлттық манифест жырын таразылай қарасақ, патшалық Ресей қол астындағы қазақ қоғамын реттеу мен жетілдіруге қатысты ойларында фольклорда сәт сайын ұшырасатын даналықтарды замандастарына түсінікті тілмен жеткізіп береді. Мысалы, «Дегенге «доспын» тез нанба», «Сырты дос боп жүрген болса, іші – жау», «Аздан тұтын асылды», «Көңіл – батыр, тіл – қорқақ», «Ата малы сенгені болып кетіп», «Ақыл – дария, көз – өткір, көңіл – шебер» т.б.

Міржақып үшін елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтаған шын өлең - қажетті өлең. Сондықтан да ол «Шағым» атты өлеңінде:

*...Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –  
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!  
...Қаламнан жылап аққан қара бояу,  
Жазылып қағазға сен, жұртқа қыл паи,-*

дейді /2, 91/. Расында бұл – күрес жылдарының көркем өлеңі. Бұдан күрделі уақыттың ойы мен бейнесі анық аңғарылады. Сонымен бірге өлеңдегі теңеу мен салыстырулар дәстүрлі фольклормен байланысып жатқанын да жоққа шығара алмаймыз.

XX ғасыр басындағы ілгерішіл руханият үшін Абай – сапалық деңгейге көтерілудің рәмізі болғандықтан, Міржақып та бұл құбылысқа өзінше қарады. 1908 жылы татардың «Уақыт» газетіне жазған «Ибраһим ибн Құнанбаев» атты мақаласында /2, 212-213/ ол Ресей құрамындағы түрік халықтарын ұлы ақын мұрасымен, ғұмырбаянымен таныстырады. Қаламгер мұнда Абайды елшіл ақын ретінде көрсете алған. «Тілі (біздіңше, татаршадан аударушы «сөзі» дегенді осылай алған – Д.Қ.), оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа машһүр етті. ...Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтшыл (түпнұсқада «милләтшіл» болар – Д.Қ.), елін-жерін сүйген кісі еді», -дей отырып, Міржақып ақынның осы қасиетін көрсететін өлеңінен мысал келтіреді («...Тәуекел мен батыр ой, Өткір тілді найза етіп, ...Ынталы жүрек сезген сөз, Бар тамырды қуалар...»).

М.Дулатұлының Абай туралы екінші мақаласы Абай қазасының он жылдығын еске алу орайында 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрді /345/. Мұнда қаламгер Абайдың шағын ғұмырбаянын, ол туралы еңбек жазғандар мен мұрасын құнттағандарды сипаттап өтіп, әдебиет пен ұлт, әдебиет пен тұлға арақатынасы проблемасына нақты тоқталады.

Міржақыптың бірінші мәселе бойынша пайымы: «Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны - әдебиет. Жансыз тән жасамақ емес».

Екінші мәселе бойынша пікірі: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. ...Ең жоғары, ардақты орын –

Абайдікі. ...Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасак, рухына сонша жақындармыз».

Бұдан шығатын қорытынды: ағартушы М.Дулатұлы әдебиетке және оның биік тұлғасы Абайға ұлт тағдыры, ұлт мүддесі тұрғысынан қараған. Міржақып үшін жан таза болса - әдебиет те таза, тұлға арлы болса – сонынан ергендер де арлы.

Міржақып жалпы тұлға мәселесіне жиі оралып отырған. 1914 жылы ол Шоқан Уәлиханов туралы көлемді мақала жазады. Дара тұлғаның «ата тегін», «шеше тегін», «оқуын» зерделеген М.Дулатұлы «Қазақ» бетінде қаймана халыққа қаратып: «Қылышынан қан тамған батыр болмаса, Қарымбайдай ертегі болып қалған бай болмаса, оқушысы жоқ біздің қазақ ғылым жолында еңбек сіңірушілерді тез ұмытқыш келеді. Бірақ заман өткен сайын халықтың көзі ашылып, әдебиеті гүлденіп, матбұғаты жайыла бастаған кезде естен шыққан Шоқандардың артында қалдырған сөзін қайта тірілтіп, кім екендігін білдірмей қоймайды», - дейді /2, 251-252/.

Осы тұжырымнан ағарған ел өз мүддесіне сәйкес тұлғаны «тауып» алатыны, яғни ұлтты ұлт ету жолында еңбек сіңірген азамат жоқтаусыз қалмайтыны аңғарылады. Бұл әдебиеттен сырт түсінік емес.

М.Дулатұлы жаңа әдебиеттің зәулім шаңырағын көтеруге жан-тәнімен кірісті: Абай бастаған игілікті істі салаландыруға, дараландыруға жәрдемдесті. Мұны ол оқыған азамат ретінде және қолына қалам ұстаған жазушы ретінде өзінің парызы санады. Қаламгер аталған проблеманы былайша көрсетті: «Әдебиетіміздің жаңа дәуірі енді басталды: әлі жас, түсі солғын, еркін төселіп кеткен жоқ. Тұрмысымызды, салтымызды айнадай ашып түгел көрсетерлік суретті әдебиет әлі туған жоқ. Проза (қара сөз) әлі дәуірлей алмай тұр. Әдебиетіміздің байырақ жағы - өлең. Бірақ ... соңғы жылдары шыққан ақындардың көбі біріне-бірі еліктеп, бірінің ізін бірі басып, өз бетінен жол сала алмай, кестесіз, сұрықсыз «ұйқасты сөз» шығаруды таңсық қылып кетті» /3/. Енді оны қалай жолға қоюға болады? Сапалы әдебиет қайткенде өмір жүзіне орнығады? Осы сұрақтарға Міржақып өз тарапынан жауап беріпті. Жауабы мынау: «Күйсіз көңіл жүгірмейді» деген бар. Дүлдүлге де күй керек, бұлбұлға да жайлы орын, көңілді бақша керек. Адам баласы бәрінен де артық күй таңдайды (Міржақыптың өзі мұны күрес заманында айтып отырғанын ескеріңіз – Д.Қ.). Туысында қанша зеректік болса да, ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді. ... Табиғатындағы зеректігіне жол ашатын ғылымды оқыса, сонда ғана әр білімді адамдар шықпақшы. ... Жазушы да – суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айтпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі» /4/.

Ағартушының бұл пайымы - әдебиеттің сыры мен сынын қаншалықты түсінетініне айғақ. Отаршылдық режим мен ұлт зиялыларының текетіресі жағдайында әдебиеттің биік қызметі, эстетикалық қуаты жөнінде осындай тұжырымдама жасай алу – шаң баспас рухани мұраға адалдық, өскелең әдебиетке тілектестік, азаматтық және зеректік.

М.Дулатұлы - алғаш «Оян, қазақ!» (1909), «Азамат» (1913) өлең жинақтарымен танылған ақын. Осы екі мұрасында да фольклордың әсері бар. Мысалы, «Оян, қазақта»:

*Жау жүрек, қыран көзді арыстаным,  
Жан жиып, халық үшін қарысқаның.  
Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа,  
Бәйгіде ұлы дүбір жарысқаның / 5, 49/.*

Бұл – дәстүрлі 11 буынды қара өлең үлгісіндегі жыр. Өлең құрылысы (буын, бунақ, ырғақ, тармақ, шумақ, ұйқас), көркемдік ерекшелігі мен бейнелер жүйесі поэзиялық фольклор мұраларынан алшақ жатқан жоқ.

«Азамат» кітабындағы:

*Я, Алла, галамыңды жаратқаның,  
Жүзіне мақұлықтарды таратқаның.  
Өндіріп бір адамнан мұнша халық,  
Әлсізді күштілерге қаратқаның /5, 114/, -*

сынды шумақтардан ел әдебиетінің ықпалы анық аңғарылады.

Халқының бар керегіне жарай білген Міржақып Дулатұлы фольклор мен жаңа әдебиет арасын үйлесімділікте жалғастырып, мынандай пайымын ортаға салды: бұрын да, қазір де әдебиет – елдің жаны, ендеше мықты жұрттың әдебиеті де мықты болуға тиіс; көркем сөзді өрістету мен тағылымды етуде ақын-жазушының ізденісі маңызды; халық жүрегінде қалған ел әдебиеті, биік дәрежелі жаңа әдебиет үшін еркіндік (күй), біліммен суарылған білік керек.

Алаш кезеңінде әдебиет жөніндегі пайымын жүйелеп көрсете алған азаматтардың бірі - Райымжан Мәрсекұлы. Қазан және Петербург университеттерінде оқыған (заңгер), Алаш қозғалысына қатысып, Жапон билігімен байланыс орнатқан, большевизм жеңген уақытта амалсыз Қытай асып, эмиграцияға кеткен бұл тұлға да әдеби білімді өз бетімен алған. Тіпті Райымжанның әдебиетшілігі – елдің сұранымына жауапкершілік тұрғысынан туған әдебиетшілік деу қисынды. Мұны «Қазақтың» өткір мақалаларынан қорыққан ресми өкімет газет шығарушыларды мысын баспақ пиғылмен абақтыға жапқан кезде «күлген дос» пен «табалаған дұшпанға» қарсы жазған мақаласындағы қаламгердің мына сөзі растайды: «Жұрты үшін қайғырып, елі үшін күйініп жүрген ерлерге ондай іс батырдың басына соғыста салған жарадай болып, батырлық, қаһармандықтың белгісі деп атаймыз біз. Жазушы ортаға білімін салсын ... Кемітуге басы лайық емес адамдарды кемге санайын деу - өзі жетпегендік» /6/.

Райымжан сөзінде халықты хан көтерді. Ел рухы мен ақиқаттың алдында басын иді. Осы орайда қайраткер былай дейді: «Кімдікі рас, кімдікі жалған – халық сынар, таныр» /7/.

1915 жылы 13 ақпанда Семейдегі саудагерлер клубында Ресей мұсылмандары атынан майдангерлер үшін ашылған ауруханаға жәрдем көрсету орайында және қамқорсыз шәкірттерге көмек беру мақсатында әдебиет кеші өтеді. Осы кеште Райымжан Мәрсекұлы қазақ әдебиеті туралы өз кезеңі үшін аса

көкейкесті баяндама жасайды /8/. Кешікпей бұл баяндама «Қазақ» газетінде жарияланады /9/.

Р.Мәрсекұлының әдеби мұра туралы тұжырымдамасы, сондай-ақ өз тұсындағы мәдени үдеріске берген бағасы осы баяндамада көрініс тапқан.

Қайраткер баяндамасының басталуы мен аяқталуы және мәселені жүйелі қарастыруы бұл еңбектің қазақ әдебиеті тарихындағы орнын елеулі етеді деуге болады. Райымжан «әдебиет» ұғымын зерделеуден бастайды. «Қазақша қысқасынан айтсақ, әдебиет «сөз» деген мағынада. Сөз дегенмен, сөздің сөзі болады», - дейді автор. «Сөздің сөзі» – халық түсінігіне ыңғайланып айтылған тіркес. Сонымен бірге ол – сөз бұйдалатпай, нақты мәселеге қарай көшудің негізі. Негіз - қаламгер ойының іргетасы. Жалпы әдебиет жөнінде Райымжан іргетасы мынандай: «Сөздің сырты шырайлы, сынды болып, іші мағыналы, ойлы болса, сонда ол әдебиет болып табылады».

Қаламгердің осы тұжырымына әдебиеттің мазмұны мен формасына, жалпы құрылымына және көркемдігіне қоятын талабы сыйып кеткен. Бұл – ХХ ғасырдың 10-жылдарындағы руханият туралы алаштың озық ойлы пайымының бірі. Мұнымен қоса Р.Мәрсекұлы – негізгі ағартушылық кезеңінің тұлғасы болғандықтан, көзқарасынан осы ағымның сипаты да көрінеді. Ол бұл орайда: «Халықтың ойлаған ойын, пікірін білдіретін, мұңын, мұқтажын көрсететін – осы әдебиет. Бұл – жұрттың айнасы», - деп жазады.

Райымжан руханиятты ілгерілететін басты шарттарды (ой, пікір, мұң, мұқтаждық) дұрыс аңғарған. Біздіңше, мұндағы ой – парасатты, пікір – батылдықты, мұң – сезімді, мұқтаждық (сұраным мағынасында – Д.Қ.) – елшілдікті анықтайды. Бұл төртеуі әдебиет ішінде көрінсе, ол (әдебиет) өлмейді һәм кері кетпейді.

Қаламгер қазақ әдебиетін үш дәуірге бөліп қарастырды. Бірінші дәуірге біз бүгін фольклор деп жүрген сала кіреді. Екінші дәуір ислам құндылықтарын теріс түсіндірген уақыт пен түріктік-шағатайлық әдебиет кезеңін қамтиды. Автор үшінші дәуірді Абайдан бастайды (шартты түрде «жаңа әдебиет» дейік). Р.Мәрсекұлының бұл бөлуін - әдебиетті дәуірлеудің алғашқы фактыларының бірі деп қабылдауға тиістіміз. Сондықтан бізге оның әрі шарттылығы, әрі деректілігі қымбат.

Райымжан «ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кезді», түйіндеп айтқанда, былайша сипаттайды: «ойлауға уақыты кең, сөз сөйлеуге тілі еркін»; бар қазақ «сөйлесе қалса, жай сөз қылып өлеңмен, жұмбақпен, пернемен сөйлескен»; жиын «ақынсыз, өлеңсіз болмаған, айтысу парыз сияқты болған»; «сөз білген, өлең білгендер... елге қадірлі болған»; «өлең мен күй адам баласының өнерінің зорына саналған». Қаламгер «әуелгі дәуір» өнерінің синкреттілігін де анықтап кетеді («Күй тарту бұ да сөзбен қатар жарыста жүрген өнердің бірі еді»). Сондай-ақ күй-аңыздарының мифтік негізін де байыптайды («Бұл сияқты сөздер, әрине, ертегі сияқты асырып айтқан сөздер»).

Автор екінші дәуірдің (түріктік-шағатайлық әдебиет кезеңі) қазақ әдебиетіне онтайлы болмаған жағын қарастырады. Бұл кезде дін теріс

түсіндірілген, «шала молда дін бұзған», ислам құндылығын кір шалған тұс байқалғаны мәлім. Мұны Райымжан: «Түрлі-түрлі кітаптар таралып, тіл кітапшаға айналып, ескі сөздер жазбаға түсіп, мирас болып қалмай, бұрынғы тілге, бұрынғы жақсы сөзге жұрт жаман көзбен қарап, кітапшаны үлгі қыла бастаған», -деп сипаттайды. Әрине, «кітаби» кезенді Еуропа да, Ресей де бастан өткергені белгілі. Бұл тұрғыда ол кезеңнен өту заңдылық та сияқты. Алайда ағартушылық кезеңінің тұлғасы Р.Мәрсекұлы исламға, Орталық Азия мен Еділ бойында, Қырымда, т.б. жерлерде оны негіздеуге тырысқан түріктік-шағатайлық түсінікке И.Гаспринскийше қараған. Рас, Гаспринский түрік жұрты үшін бір тіл болу керек дейді. Бірақ ол саф исламды, ақылға, ғылымға негізделген оның ілімін қолдайды. Райымжанның: «Дұрыс емес» деу қожа-молдалар көбейген сайын молайған», -деген сөзінің астарынан дінге емес, дін атын жамылған шала сауаттыларға қарсылығы анық байқалады.

Қаламгердің түсіндіруінше, Абайдан басталған жаңа әдебиет «кітапшылыққа» қарсы ағым ретінде пайда болған. «Қазақ әдебиетін көркейтп, түрлендіріп, сөз қадірі кетіп бара жатқан уақытта сыртына өң беріп, ішіне жан кіргізіп, сөз қадірін танытқан осы Абай болды», -деп жазады ол. Осы үшінші дәуір немен ерекшеленеді деген сұраққа Райымжан: «Абай бұрын қазақта жоқ уәзіндерді (қалаулар) білгізді, неше түрлі мақаммен таныстырды, сөздерін, ойларын жұртқа мирас қылып қалдырды. ... Абайдың һәм Алтынсариннің өлеңдері қазақтан шыққан жас ақындарға үлгі болды. Сөз түзелді, үздік оңдалды», -деп жауап қайтарады. Сөйтіп, жаңа әдебиеттің қуатын білгізу мақсатында Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», Ыбырайдың «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңін мысалға келтіреді.

Р.Мәрсекұлының еңбегі жария болған шақ - жаппай ағаруға бет бұра бастаған шақ. Бір жағынан – «Айқап» пен «Қазақ», екінші жағынан ақын-жазушылардың түрлі бастамашылдығы елді жақсылыққа нұсқаған кез. Осы мезгілдің рухани көңіл ауаны баяндамада төмендегіше көрініс тапқан: «Әдебиет те жас баламен бірдей: сүйеу күтеді. Халық жақсы көзбен қараса - әдебиетке демеу болып, әдебиет өрге басады. Абайдан бері һәм одан үлгі алған кейінгі жастарымыздың ыждағатымен әдебиетіміз түзу жолға түсті».

Қайраткер-қаламгердің руханиятты арқау еткен осы мұрасының құндылығы – көркемөнердің мән-мағынасын түсіндіре алғандығында, оның ел рухымен біте қайнасқан шарттарын көрсете білгендігінде және халықтың рухани қазынасын қал-қадерінше топтастыруға талап қылғандығында деп есептейміз. Райымжан ел әдебиетін, көркемөнер тарихын саралай отырып, жаңа әдебиеттің басталған тұсын анықтайды. Сонымен бірге ол – жаңаны дамытушы өз тұсындағы әдебиетке «өткеннен сабақ ал» деп айтуды парыз санаған тілеуқор әдебиетші.

Әдебиетші Р.Мәрсекұлының ел әдебиетіндегі ішкі мүмкіндікті толық пайдаланған, мазмұны мен формасы үйлесіп, көркемдікке ұмтылған ізденісті шын әдебиеттің жолы деп санаған. Біз «ішкі мүмкіндік» деп атаған ұғымға - өткенге табан тіреу, елшілдік рухты жоғалтпау, қателіктен сабақ алу, т.б. кіреді.

XX ғасырдың басындағы рухани өмірде әдебиет тарихын түсіндіруге деген түрлі талап байқалды. Оқығандар фольклорды жаңғыртып, түрлі әдеби кеш өткізіп тұрды. Сондай бір шара 1916 жылы 1 қаңтарда Торғайда да өтіпті /10/. Ол да жаралы солдат пен жағдайсыз шәкірттің пайдасына орайластырылыпты. Мұнда әдебиет туралы баяндаманы бізге беймәлімдеу Жабағин Қосмұхамед есімді азамат жасапты. Енді газет ақпарына көңіл аударалық: «...Қосмұхамед отағасы шығып, әдебиет деген не нәрсе, біздің қазақта қалайша басталған, бастап жол салушы кім? Мысалы, бұрынғы ақындардан бастап келіп, ақырын Ыбырай марқұм Алтынсаринге әкеп тіреп, осы күнгі үлгі етіп ұстарлық адамдар Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, бұлардан жас талапкерлерді қосып, мұнан соң да әдебиетімізді гүлдендіруші осылар деп, бірнеше мысалдар келтіріп, әдебиетпен таныстырды».

Бұл үзіндіден қаламгер ретінде көріне қоймаған Қ.Жабағиннің әдебиет тарихын өзінше бажайлағаны аңғарылады. Ең бастысы, ол ел әдебиетін жаңғырту туралы ойын ортаға салған.

Әдебиетте дәстүр мен жаңашылдықтың арасын жүйелі жалғастырған тұлға - ақын Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. Алдына биік мақсат қойған ол бұл туралы бір сөзінде: «Қолымнан келмейтін әдебиет сынауға кірістім. Осы күні өз сыныма өзім ұяламын», - деп кішілік танытыпты /11, 280/. Мұны ақынның шығармалар жинағындағы (1933) алғысөзіне дәйек еткен Ж.Аймауытұлы: «Өзі солай десе де, ол кезде өлеңнің қайткенде өнер болатынын, тілді таза сақтап, бөгде тілді араластырмау керектігін айту маңызсыз да емес еді», - дейді /11, 280/.

Сұлтанмахмұттың фольклор мен авторлық әдебиетке қатысты пайымдаулары «Айқап» журналында жарияланды. 1913 жылы жазған «Өлең һәм айтушылар» /12/, «Жаңа кітап» (М.Дулатұлының «Азамат» жинағы туралы) /13/, «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» /14/ атты малаларынан қаламгердің туған әдебиетіне жаны ауруы, бүгінгі мен келешегіне қам жеуі аңғарылады. Сонымен қатар осы еңбектерінде ақынның руханият туралы тұжырымдамасы, әдебиеттегі сауаттылық пен жауапкершілік жөніндегі пікірлері көрініс тапқан.

Ақын да - өз заманының перзенті. Перзент болып, заман желінің ығымен кету де бар, немесе дауылдың өтінде тұрып, елге қалқан болу да бар. Жас Сұлтанмахмұт шамасы келгенше жұртына қорған болуға тырысты. Халықтың өзін қорғады, сөзін қорғады. Кімнен? Надандықтан, кері кетуден, саф әдебиетті бұзатын сауатсыздықтың шаң-тозаңынан. Бұларды көріп ақын: «Көңіл қарайтып, рух бұзатын ескі балдыр-батпақ өлеңдердің тұсында әннің базары аспанға шығып, мынандай жаңа рух, таза қан, түзу кеуілді халқымызға қолмен жұлып тыға алмай жүрген тарылмалы заманда сөне қалуы – баяғы ашылмаған халықтың соры-дағы», - дейді («Өлең һәм айтушылар»). С.Торайғырұлының ұғымындағы «жаңа рух, таза қан, түзу кеуіл» – елді ағартудың сапалық сатысының сипаты. Енді оған ненің күшімен қол жеткізуге болады деген мәселедегі ақынның тұжырымы мынандай: «Бір халықтың сүтпен бірге байланысқан ірік-шірік қара кеуілдерін аршып, жаңа рухпен қандандыратын, таза пейілмен жандандыратын мәшін – шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан өлең, жыр, әдебиет деген нәрсе болады».

Әр кезеңнің халық тез түсіне қоятын және сол уақыттың алдыңғы қатарлы жаңалығы болып табылатын сөздері бар. Сұлтанмахмұт кезеңі үшін ондай сөздің бірі – мәшін – машина (яғни техника жаңалығы). Ол – адам ыждағатымен жасалған ғылымның жаңалығы. С.Торайғырұлы әдебиетті соған теңеп тұр. Бұл – оның ел әдебиетін жаңашылдық қана биікке көтере алады дегені.

«Өлең һәм айтушылар» мақаласының авторы фольклор мен әдебиетті ән-күймен байланыста қарайды. Ойы - өнердің бәрі үйлесім тауып, «жүрек қозғап, буын босатып», жақсылыққа бастаса дегенге саяды. Осы орайда қаламгер: «Әндегі рух сүйегіне сіңеді, құлағында қалады. Соның үшін ескі кісілер «пәленнің өлеңінде де бар ғой» деп келтіріп отыратын. Не ғажап!» - деп жазады. Немесе: «Бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді. Сәні кетсе, жаны кетеді», - деп түйіндейді. Соңғысы жоғарыда сөз болған Әлихан пікірімен үндес. Осылай түйдектей сөз саптап, бір-бірімен байланысып жатқан құбылыстарды түсіндіру – алашта әлімсақтан бар өнер. Бізге оны Сұлтанмахмұттың қалай игергенінен гөрі (шебердің жайы белгілі), сол дәстүрмен нені айта алғаны тағылымды.

Ақын әлеуметке қарап: әдебиет пен өнердің жандануына тілектес бол, себебі ол - өз тағдырың, ұлтыңның тағдыры дейді бұл еңбегінде.

«Жаңа кітап» – шап-шағын мақала. Алайда мұндағы автор ойы шағын дей алмаймыз. Мақала: «Азамат» – Міржақып Дулатов жазған өнегелі өлең кітабы» деп басталады. Қаламгер бұл кітапты «бөтен тілден аршыңқы, мағынасы терең... қара жамылып, қайғы жұтып тұрған кезде жазған ғой» дей отырып, «кейбір уәзінін» жалпылама сынап өтеді. Десек те осы еңбектегі маңызды ой мынау деп білеміз: «Қанша дегенмен «жаманның барынан жоғы жақсы» дейтін мезгіл болыңқырады ғой». Бұл – сапалыққа бет түзеудің белгісі. Сұлтанмахмұт үшін «қазақта жоқ» деп әр нәрсенің басын шалу, немесе әлге қарамай құшаққа симайтынды құшу қажет емес. Ақын ойынша, әр нәрсе істелсе түптеп, тереңдеп жасалуы тиіс, ұлтқа керегі – сапа және тазалық.

Алаштың айрықша пікірінше, ел әдебиеті – тіл тазалығының қайнары. С.Торайғырұлы ғасыр басында (өз тұсында) шыққан кітаптардың тілі туралы мақаласында («Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан») да жаңа әдебиет пен көркемдік мәселесіне тоқталып өтеді. Қазақ рухани қауымының жаңалықты қалай күткенін қаламгер былайша бейнелеп жеткізеді: «Жаңа бір жас иіс туды дегенді құлақтары шалса, қолдарын жайып, құшақтарын ашып, иіскеуге мұрындарын, сүюге ауыздарын даярлап тұрмақ та». Бірақ жаңаның да дұрысы мен бұрысы бар. Сұлтанмахмұт мұны тілі мен көркемдігіне қарап айырады. Ақынның пікірінше, ендігі жерде «шағатай тілі» қазақтың жаңа әдеби тіліне мүлдем жат, «қайта бұрынғыларымыз «хикаят» болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына бейім». Бұл орайда автор не ұсынады? «Пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай, соқыр кісі сыбдырынан танырлық аққұла ашық» әдебиеттегі Абай жолын үлгі етіп ұсынады. Бұған қоса Ахметтің «Қырық мысалындағы» мысал қорытындыларын, Міржақыптың «Азаматындағы» «Қайтер едің?» мен «Шағым» өлеңдерін өнеге тұтады. Осыларды ерекше атауының себебін С.Торайғырұлы: «Айтқандары артығыменен шын. Шын жылаған жастың

тамшысы, рас қайнаған сорпаның сөлі болғандықтарынан сезілмейді, сезілсе де басқалардікіндей көзге қатты, көңілге суық тимейді. Қайта өзінді сүйсіндіріп әкетеді», - деп түсіндіреді. Бұл пікірде поэзияны сезіммен түйсіну де, зейінмен түйсіну де бар. Өлеңді ақын болып байқау да, әдебиетші болып байқау да бар. Ақынның осы қабілеті мына жолдардан да аңғарылады: «Туыстағы (ел – Д.Қ.) тұрмыс дерті зығырыңды қайнатып, бармағыңды шайнатып, сай-сүйегін сырқырарлық ащы зарлы бебеулерін қағып, көңіл толғағын, жүрек түйінін тарқатады. Мен анық ақсүйек, аты жоғалмайтын өлең деп, өнер деп соны айтамын».

Осы пайымдар С.Торайғырұлының әдебиетке жіті назар салғанын көрсетеді дей аламыз. Әрине, әдебиет тарихы үшін Сұлтанмахмұт бірінші – ақын. Онан соң әдебиетші, қайраткер т.б. өзге де қыры ашыла бермек.

Ақынның өлеңдерінен де әдеби-эстетикалық пікірлерін кезіктіруге болады. Мысалы, Ахметтің «Масасы» туралы шығармасында ол:

*Өткірсің наркескеннің алмасындай,  
Жүйріксің «полный ходтың» арбасындай.  
Сен – сұңқар, көңілі соқыр сенімен қас,  
Өзінің болмады деп қарғасындай,-*

дейді /15, 88-89/. Бұл - өлеңнің бір шумағы. Бірақ осының өзінен «Масаға» берілген нақты баға, әсіресе кітаптың идеясын дөп көрсету, надан ортаның сипатын айқындау аңғарылады.

Сұлтанмахмұттың «Асыл сөз» атты өлеңі көпке мәлім. Әдебиеттің (адабият) түп мағынасы – асыл сөз. Ақын мұны қалай ұғады?

*Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы ерінбе.  
Адамдықты көздесең,  
Жат тоқып ал көңілге /15, 116/.*

Енді осы үзінді мәтініне назар салайық. Толық сеніммен айта аламыз: мұндағы «жат» – етістік емес, жақын деген мағынадағы сөз. Осы сөз ертеде (XX ғасырдың бас ширегінде) «жақын» мәндес болғанында дау жоқ (жат//жад, жат//жау нұсқаларын тілшілер анықтай жатар).

С.Торайғырұлының қазақ ақындары мен жалпы шеберлік жөніндегі ойлары 1918-1919 жылдары жазған поэмаларынан да ұшырасады. Айталық, «Таныстыру» поэмасында «оқыған қазақтың» аузына Ә.Бөкейханның «Қарақыпшақ Қобыланды», т.б. еңбектерінде кезігетін пікірлеріне ұқсас сөздерді салады. «Оқыған»: эпосты жырлаған жыршылардың (мәтінде ақын) айтқаны тарихқа сәйкес келмейтінін, бірақ бұлардың жаратқанға қатысты сөзі ұшқыр екенін, алайда оларда білім жетіспей жататындығын, бұл тұрғыда Абай «биік бұлтқа» жеткенін айтады. Сондай-ақ ол «биік күнге» жеткен Толстой бар деп, қазақ әдебиетінің тырысса шығар асқарын да меңзеп кетеді. Зиялы қазақ ішінің әдебиетке қатысты мәселесін де айналып өтпейді. Осы орайда ол:

*Талантқа ауа қайда ер жетуге,  
Жүректің қанын жылытып тербетуге,-*

деп /15, 159/ бір қайырса, ендігі бір жерде:

*Әлпейштеген секілді жас баланы,  
Талантты кім асырап, кім алады.  
Әлихан айтқандайын: «Қыр ішінде  
Домалап неше меруерт жоғалады»,-*

дейді /15, 160/.

«Таныстыру» ақындар туралы поэма емес. Шығармада қайраткерлер (ішінде Шәкәрім де бар) таныстырылады. Ал осында әдебиет жайының сөз болуын Сұлтанмахмұттың «жаңа рух, таза қан, түзу кеуілді» әдебиет қана тудыра алады деген айтады ойымен түсіндіре аламыз.

Осы сарындас пікір ақынның «Айтыс» поэмасында да бар. Мұнда ол алаштың қилы тарихы контекстінде қазақ ақынының бейнесін сомдайды («дала ақынының» сөзімен). Сұлтанмахмұт оны жай әңгіме үшін емес, үлгі етіп айтады.

*Даламның ақындарын айтсам сізге,  
Үлгіге сөз патшасын сонан ізде.  
Миза – тамақ, жүрекке сусын беріп,  
Даңқы кеткен ақын көп бұл үш жүзде.*

*Қазақтың өміріне айна болған,  
Өмірге илһәм құйылар жайда болған.  
Қалың топта домбыра қолына алса,  
Жаратқыштық бір қуат пайда болған /15, 218/.*

Ел әдебиетінің уызына жарыған қазақ ақынының өнерпаздық қуаты, халық сөзін сөйлеуі, көкейдегіні тауып айтуы, ханнан да тайсалмауы, ер мен елдің атын шығаруы, ез бен опасызды әшкере етуі, ақшабет сұлуды, тегеурінді қыранды, жүйрік сәйгүлікті әуелете әнге қосуы – бәрі шығармада өлең болып өрілген. Осында «қаны жылап, жаны сүйсініп, жүрегі иген», «жанына жарық түсіп, тілі байланған», «белгісіз бір ләззатқа мейірі қанған» тыңдаушының да бейнесін көреміз. Әлбетте, оны бұл күйге түсірген ақын шеберлігі. Бұл ақын – ақын ғана емес, ел үшін туған азамат:

*Жауыздықты көре алмас салқын қанмен,  
Алла оған: «солай бол!» деп қылған пәрмен /15, 219/.*

Дала ақыны ана тіліне қатысты ойын білдірген тұста оны түрлеткен жалпы халық ауыз әдебиетін жасаушыларды, сондай-ақ Бұқар, Жанак, Шөже, Орынбай, Абай, Ахмет, Міржақып, Мағжандарды атап өтеді. Олардың сөзімен халық рухтанады дегенді айтады. Тіл мен әдебиеттің ұлт өміріндегі орнын:

*Тілім де, әдебиет те – жаныма азық,  
һәм болардай көңілге наным қазық,-*

деп /15, 221/ анықтайды.

Сұлтанмахмұт – жаңа әдебиетке тілекші ғана емес, ол – бұл әдебиетті жасаушы. Роман бәйгесіне қатысып, «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» шығармаларын жазуы – осыған дәлел. Сондай-ақ «қазақ әкімдерінің тұрмысынан үш перделі пьеса жазғаны» да /11, 281/ мәлім болып отыр (бірақ қолжазбасы жоғалып кеткен). Енді бұлардың ішінде көпке мәшһүр «Кім жазықты?» романының эпиграфына мән берейікші:

*Бір сөзім бар шалдуар,  
Болмаса да тыңшысы.  
Бұ күнде жоқ, соң туар,  
Роман мен сыншысы /16, 65/.*

Қазақ сөзін түсінетін кісі «шалдуар» – тентектік пен сотқарлықты, тіпті бұзақылықты аңғартатынын біледі. Сонда ақынның «тентек» сөзі қайсы? Сұлтанмахмұт және де бұл сөзімнің «тыңшысы» яғни астары (жасырынғаны) жоқ дейді. Байқасақ, оның «сотқар» сөзі – ақиқат пен шындық екен. Имансыз орта, «әжібайшылдық» (академик С.Қирабаевтың анықтамасы) шындықты айтқанды «бұзақылық жасады» деп есептейді екен. Енді ақын имандылықтың өрісін кеңейтетін, ақиқатты көпке жаятын әдебиеттің жаңа салалары (жанр) тез туса деп тілейді. Оның туатынына сенеді де.

Замандас ақын-жазушыларға «жаңа рух, таза қан, түзу кеуіл» тілеген Сұлтанмахмұт руханият ел әдебиетімен, әлем әдебиетімен еңселенуі үшін мынаны қажет деп есептеді: біріншіден, көркемдік елдік және әлемдік рухани мұраны табиғи түрде ақыл-парасат арқылы еңсерумен ғана жүзеге асады; екіншіден, ғасырлар сынынан өткен ел әдебиеті мен Абай жолын еңселі ететін өлшем – ой мен тіл тазалығы.

Алаш тұсында ел әдебиеті көркемдік сұраным мен даналық қажеттілік ретінде қабылданды. Оның еңселі тұғыры шығармашыл тұлғалар мен ағартушылар тарапынан дәлелденіп, байыпталды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1989. – 560 б.
2. Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991. - 384 б.
3. Дулатов М. Абай // Қазақ, 1914, 23 маусым.
4. Мадияр (Дулатұлы М.). Надандық құрбаны // Қазақ, 1916, 31 наурыз.
5. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Мектеп, 2002. – 368-б.
6. Р.М. (Мәрсекұлы Р.). Газеталарға сөз жазушыларға // Қазақ, 1914, 9 қаңтар.
7. Мәрсекөв Р. Көлбайдың сөзінен шындық табылар ма екен? //Қазақ,1915, 18 маусым.
8. М.Қазақ әдебиет кеші // Қазақ, 1915, 28 наурыз.
9. Мәрсекөв Р. Қазақ әдебиеті жайынан // Қазақ, 1915, 15-19 наурыз.
10. Темірбеков И. Торғайда әдебиет кеші // Қазақ, 1916, 24 қаңтар.
11. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. - Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.
12. Торайғыров С. Өлең хәм айтушылар // Айқап, 1913, N13. - Б. 293-295.
13. Торайғыров С-М. Жаңа кітап // Айқап, 1913, N17. – Б. 384.
14. С-М. Т. (Торайғыров С.). Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан // Айқап, 1913, N19. - Б. 404-405; N20. - Б. 419-420; N22-24. - Б. 451-452.
15. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1993. – 280 б.
16. Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ғылым, 1993. – 448 б.